

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК

Торайғыров университета

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 1 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/HXBZ3185>

Бас редакторы – главный редактор
Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *магистр*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/LHHC9144>

***Қ. М. Жумаксанова¹, А. Б. Рахимбаев², Т. А. Айыпова³,
А. З. Альжанова⁴, Г. И. Абаетова⁵**

^{1,2,3,4}Л. Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль-жол институты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

⁵А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8696-5027>

²ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-2806-6675>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0489-4262>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0009-0007-6316-9101>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9708-7744>

*e-mail: bbb_nar2018@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ НЕЕТ-ЖАСТАРЫН ЗЕРТТЕУ: БЕЙНЕСІ МЕН ЖАҒДАЙЫ

Мақалада Қазақстандағы НЕЕТ-жастардың, яғни жұмыс істемейтін, оқымайтын және кәсіптік даярлықтың қандайда бір нысандарына қатыспайтын әлеуметтік осал жастардың мәселелері қарастырылады. Мемлекеттік жастар саясатының өзгерістеріне, сонын ішінде жастар жасының 35 жасқа дейін ұлғаюына қарамастан, НЕЕТ-жастар үлесінің өсуімен зерттеудің өзектілігі анықталады. Зерттеудің мақсаты НЕЕТ-жастар санатының қалыптасуына әсер ететін факторлар мен өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, олардың Қазақстандағы ағымдағы жай-күйін талдау болып табылады. Берілген зерттеу Ұлттық статистика бюросының, «Талдау» ақпараттық-талдау жүйесінің ресми деректеріне негізделді. Мақалада Қазақстанда НЕЕТ-жастардың әлеуметтік-экономикалық бейнесіне кеешенді талдау жүргізілді. Мақалада авторлармен НЕЕТ деңгейіндегі өңірлік айырмалықтар егжей-тегжейлі қарастырылып, жастардың білім беру және еңбек процесіне қосылуына кедергі келтіретін басты себептер көрсетілген. Зерттеу нәтижелері жастардың әртүрлі санаттарымен жеке жұмыс істеуге, олардың ерекшеліктерін ескеруге және кәсіптік оқыту мен

жұмысқа орналастыру бағдарламаларын дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты қайта қарау қажеттілігін көрсетеді. Жүргізілген зерттеу нәтижелерінің құндылығы NEET жастардың қалыптасуының құрылымдық себептерін түсінуге ықпал етіп, осы топты әлеуметтік қолдаудың тиімді шараларын әзірлеу мен еңбек нарығының талаптарына бейімдеу үшін пайдалануы мүмкін.

Кілтті сөздер: жастар, NEET-жастар, осал топтар, білім беру, еңбек нарығы, жастар саясаты, Қазақстан

Кіріспе

Елдің бәсекеге қабілетті ортасын қалыптастыруда және әлеуметтік-демографиялық ілгерілеуде жастардың маңызды орын алады. 2022 жылда Қазақстанда мемлекеттік жастар саясатына қатысты Заңға енгізілген өзгерістерге сәйкес жастардың жасы 35 жасқа дейін ұлғайды [1]. Бұл NEET-жастардың үлесіне оң әсер етуі керек еді, себебі еңбекке қабілетті жастардың саны артты, бірақ та NEET -жастардың саны керісінше өсті.

Статистикалық деректер бойынша 2023 жылда NEET-жастардың үлесі 6,5 %-дан 7,3 %-ға дейін артты [2]. Демек, ересек жастар арасында қазіргі уақытта жұмыссыз, білім алмаған және оқытудың кез-келген түріне қатыспайтын адамдардың саны байқалады. Осыған байланысты әлеуметтік осал санаттардың бірі NEET-жастардың жағдайын талдау мен әлеуметтік-экономикалық бейнесін зерттеу өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдістері

Бүгінгі таңда жастар еңбек нарығының ресми көрсеткіштері нақты жағдайды толық көрсетпейді, яғни саладағы бар мәселелерін шешудің жолдарын таңдауда қиындықтарға әкеледі. Соңғы жылдары халықаралық контексте жастардың еңбек нарығындағы жағдайды жақсы түсіну және зерттеу үшін NEET тұжырымдамасы белсенді қолданылады.

NEET тұжырымдамасы – бұл білімге, жұмысқа орналасуға қатыспайтын және ешқандай дайындытан өтпейтін жастар тобының сипаттамасы [3].

Зерттеу әдістемесі синтездеу мен ғылыми абстракциялық әдістерге, статистикалық және салыстырмалы талдау әдістеріне негізделген еді. NEET-жастарының жағдайын талдау кезінде материалдар ҚР Ұлттық статистика бюросының, «Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесінің және Халықаралық еңбек ұйымының ақпараттық ресурстарынан алынды.

Нәтижелер және талқылау

Соңғы онжылдықтарда «NEET жастары» ұғымы халықаралық ұйымдардың стратегиялық құжаттарында кеңінен қолданыла бастады. «NEET жастары» деңгейі дамыған елдердегі еңбек нарығының негізгі

көрсеткіштерінің біріне айналды, бұл жастардың жағдайын, әсіресе олардың маргиналдану және қоғамнан алшақтау дәрежесін сипаттайды [4].

NEET-жастар тобының көбеюіне ерекше назар аударуы, әдетте, оқудан кейін жастардың еңбек нарығына көшу кезіндегі қиындықтармен түсіндіріледі. Осы санаттағы жастар еңбек нарығында иеліктен шығару және әлеуметтік оқшалану қауіпіне ұшырайды, өйткені олар білім беруге немесе оқуға инвестиция салу арқылы өз дағдыларын жетілдірмейді және жұмыспен қамту арқылы тәжірибе жинамайды [5]. Көбінесе NEET тобының жастары мемлекеттен әлеуметтік жәрдемақы алушылар болып табылады, ал еңбек нарығына сәтті шыққан жағдайда олар бейресми жұмыспен қамтылуы мүмкін.

NEET тобының жоғары деңгейі елде жастардың көп бөлігі жұмыс іздеуді тоқтататынын немесе білімге және оқуға қол жеткізе алмайтынын білдіруі мүмкін, бұл жәйт ұзақ мерзімді әлеуметтік мәселеге айналуы мүмкін [6].

NEET жастар тобының қатарына жатқызылатын әлеуметтік топтарының құрамы өзгерістерге ие болды (кесте 1).

1 – Кесте «NEET жастар» тобының құрамы

2017 жылдағы құрамы	2023 жылдағы құрамы
Жұмыссыз жастар (ресми жұмыспен қамту орталығының мәліметі бойынша); Мүгедектігі бар еңбекке қабілетті жастар; Созылмалы аурулары бар немесе қандайда бір тәуелділігі бар жастар; Үй шаруасымен айналысатын жас әйелдер, көп балалы аналар мен жалғызбасты аналар.	Жұмыссыз жастар (мерзімді әскери қызмет өткерген, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар, жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектері); Мүмкіндіктері шектеулі, бірақ нәтижелі қызметке қабылетті жастар; Белсенді емес жастар – алкоголь мен есірткіге тәуелділіктен, созылмалы аурулардан зардап шегетін және тиісті дәрежеде жұмыс іздеумен немесе оқумен айналыспайтын жастар; Үй шаруашылығымен айналысатын әйелдер, оның ішінде көпбалалы және жалғыз басты аналар.


Көріп отырғандай, жоғарыда көрсетілген NEET жастар тобының санын есептеуде қолданылатын тәсіл топтың толық көрінісін көрсетпейді. Жұмыссыз жастарды есептеу кезінде тек қана жұмыспен қамту орталықтарында ресми түрде тіркелген санына негізделеді. Алайда, жастар көбінесе берілген орталықтарға жүгінбейді, өз бетінше жұмыс іздеуді жөн

көреді. Сонда, жастардың белгісіз саны есептен тыс қалу қауіпі туындауы мүмкін.

2023 жылда Қазақстанда жастардың саны 6,05 млн. адам болды, бұл ел халқының 31 % жуығын құрайды. Оның ішінде 394,2 мың адам «NEET-жастар» тобын құрайды.

Соңғы екі онжылдықтың ішінде берілген топтың үлесі 2,5 есе, яғни 18,6 %-дан 7,3 %-ға дейін қысқарды. Жалпы қазақстандық жастардың NEET үлесі ЭЫДҰ елдерінің орташа көрсеткішінен төмен болып табылады (2020 ж. – 13,4 %).

NEET көрсеткіші көбінесе жастар жұмыссыздығының көрсеткіштерімен байланысты. NEET жастарының ең көп бөлігі – жұмыссыздар. Эмпирикалық зерттеулерге сәйкес, елдің экономикалық жағдайы нашарланған кезде «NEET-жастар» санаты күрт артады [7]. Соңғы жылдары жастар арасында жұмыссыздық деңгейінің төмендегенімен, NEET жастарының үлесінде тұрақсыздық байқалады (сурет 1). Екі көрсеткіштің арасында айтарлықтай алшақтық жастардың еңбек нарығындағы нақты жағдайды әлсіз бейнелейді.



1 – сурет – NEET-жастардың үлесі, %-бен

NEET қазақстандық жастардың үлес 2001 жылдан 2013 жылға дейін азайды. Бұл көрсеткіш дағдарыс кезенде (2014-2015 жж.) өсе бастады және 2023 жылға дейін қалып өсуді жалғасты. Бұл елімізде жастар санатының 29 жастан 35 жасқа дейін артуына байланысты болды.

Қазақстанда NEET көрсеткіш деңгейінің елеулі аймақтық саралануы байқалады. Мәселен, 2023 жылы NEET жастардың ең көп үлесі Маңғыстау (11,7 %), Түркістан (10,4 %) және Қарағанды (10,2 %) облыстарында

байқалады, бұл республикалық орташа көрсеткіштен (7,3 %)бір жарым есе артық.


2 – Кесте Аймақтар бойынша NEET жастарының саны, мың адам

Атауы	2022 жылы		2023 жылы		2024 жылдың II тоқсаны	
	Еңбек күші	NEET саны	Еңбек күші	NEET саны	Еңбек күші	NEET саны
Абай	80,8	4,6	115,3	8,0	116,2	7,4
Ақмола	68,1	6,4	139,5	13,6	138,1	11,9
Ақтөбе	71,3	9,3	175,5	16,8	174,5	15,6
Алматы	160,1	17,3	297,3	27,6	301,9	27,1
Атырау	69,7	6,4	147,2	11,0	157,5	10,4
БҚО	68,9	3,5	118,0	8,5	116,0	8,5
Жамбыл	135,8	14,1	253,8	22,6	251,7	22,3
Жетісу	76,8	7,3	115,9	11,8	101,2	13,5
Қарағанды	87,8	15,0	180,3	29,7	191,8	23,4
Қостанай	71,9	6,5	141,0	11,9	144,8	10,8
Қызылорда	77,1	11,7	147,2	17,0	155,9	17,2
Маңғыстау	61,7	6,6	170,6	25,3	169,2	22,6
Павлодар	67,0	5,6	131,9	9,8	128,8	9,2
СҚО	39,0	5,2	84,1	10,5	81,9	10,7
Түркістан	172,7	29,0	359,1	62,5	384,4	34,2
Ұлытау	17,6	3,8	39,9	5,6	38,0	5,3
ШҚО	80,3	6,5	126,9	8,0	124,0	7,5
Астана қ.	165,9	19,6	299,2	25,4	302,2	27,9
Алматы қ.	230,3	24,4	452,1	48,0	462,7	42,8
Шымкент қ.	82,9	13,1	191,0	20,5	201,5	20,7
Қазақстан Республикасы бойынша	1885,7	215,8	3685,7	394,2	3742,1	349,1

Кесте мәліметтеріне көріп отырғандай, 2023 жылы NEET жастарының саны 82,7 %-ға, ал жастардың еңбек күшінің саны 95,5 %-ға артты. 2024 жылдың II тоқсан нәтижесі бойынша NEET жастар тобының саны, керісінше, 11,4 %-ға азайды. Аймақтарға тоқталатын болсақ, Маңғыстау облысы бойынша берілген санаттың саны 2023 жыл аралығында 3,8 есе артты, яғни 6,6-дан 25,3 мың адамға дейін өсті. Сонымен қатар, Түркістан облысында – 2,1 есе, БҚО – 2,4 есе, Ақмола – 2,1 есе, СҚО мен Алматы қаласында 2,0 есе артты. 2024 жылда бұл көрсеткіштің көп аймақтар арасында төмендеуде байқалады.

NEET болу қауіпі жасына қарай айтарлықтай арттады. Халықаралық контексте NEET-тің жас бойынша үш тобы анықталады: 15-19 жас, 20-24 жас және 25–29 жас. Қазақстанда осыған қоса 30–34 жас аралығы қосылды. NEET тобының үлесі 15-19 жас санатымен салыстырғанда, 20-24 жас аралығында айтарлықтай жоғары болады, себебі осы кезде берілген санаттарғы жастар оқуды аяқтайды. Бұл көбінесе білім беруден еңбек нарығына көшудегі қиындықтармен, яғни жұмыс тәжірибесінің болмауымен байланысты болады. Ал NEET жастарының ең көп үлесі 25–29 жас санатына жатады, оның негізін жас аналар құрайды.

Қазақстанда 2023 жыл ішінде күндізгі оқуға байланысты жұмыс күшінің қатарына кірмейтін жастардың саны 1417,9 мың адамды құрады. Бұл экономикалық белсенді емес адамдар қатарында 84,3 %-ын құрайды. Төменгі суретте күндізгі оқу себебінен 15–34 жас аралығында жұмыспен айналыса алмайтын адамдар санының өзгерісі көрсетілген.



2 – сурет – «Оқу» себебінен 15-34 жас аралығындағы жұмыс күшінің құрамына кірмейтін адамдар, мың адам

Білімнің болуы әрқашан NEET үлесінің төмендеуіне кепілдік бермейді. NEET үлесінің төмендеуі білім берудің жоғары деңгейінің болуымен оң байланысты болса да, ЭЫДҰ-ның кейбір елдерінің білім деңгейі жоғары жастары да білімнен еңбек нарығына көшу кезінде үлкен қиындықтарға тап болады [8].

Еш жерде оқымайтын және жұмыс істемейтін жастар ерекше тәуекел тобын құрайды, себебі олар маргинализацияға, кедейлікке, иеліктен шығуға

және әлеуметтік шеттетуге көбірек бейім [9]. Сол себептен, NEET жастар тобының қазіргі бейнесін анықтауға көп мән беру жөн.

Бұл тұрғыда NEET жастарына қатысты қазіргі жағдайға объективті әсер ететін факторларды ескеру қажет:

Біріншіден, дұрыс емес мамандықты таңдау. Өлсіз кәсіпкерлік бағдар беру жұмысы жастардың қызығушылығы мен қабілеті жоқ мамандықты таңдауына әсер етеді. Көп жағдайда, жастар мамандық бойынша біраз уақыт жұмыс істегеннен кейін, кейінірек басқа мамандыққа ауысады, бұл жастардың уақытын және де мемлекеттің қаражатын босқа кетіреді.

Түлектердің мамандықты дұрыс таңдауы көбінесе шешуші сөзді немесе таңдауды ата-аналар жасағандығына байланысты. Бұл олардың көпшілігінің ерте ме, кеш пе өз қызметін өзгертуіне әсер етеді және де онша білікті емес адамдар қатарына оңай түсіп қалады. Осы тұрғыда мамандықты таңдауы тек жоғары жалақысына, беделінің дәрежесіне байланысты болуы мүмкін. Нәтижесінде жастардың жеке ұмтылыстары мен белгілі бір кәсіби қызметке деген қызығушылығы құнсызданады.

Екіншіден, жастардың іргелі дағдыларының сапасы. Жастардың нақты функционалдық сауатсыздығы қайта даярлау және еңбек нарығына бейімделу қабілетін төмендетеді. NEET жастар санының өсуіне әсер ететін білім беру саласындағы мәселелердің қатарына нарықтың сұраныстарын ең қысқа мерзімді перспективада ескермейтін, сондай-ақ нарығының аймақтық қажеттіліктеріне ешқандай қатысы жоқ гранттарды бөлудің ойластырылмаған және пысықталмаған саясатын жатқызу қажет. Бұл еңбек нарығын нарықта толып кеткен мамандардың қоныстануына, сонымен бірге жастардың жұмыссыздығына әкелуі мүмкін.

Үшіншіден, әлеуметтік-экономикалық сипаттағы факторлар. Елімізде халықтың әлеуметтік-мәдени көзқарастарын ата-аналар отбасыларында насихатталмауы мүмкін. Бұл олардың кәсібін табудың маңыздылығымен байланысты құндылықтар, кәсіби дамуға бағдарлану, олардың дәйекті өсуі барған сайын құнсыздануда («жеңіл» ақшаға табыну). Бұл фактордың төмен маңыздылығын жастар да ескереді, яғни кәсіби іске асыру олардың негізгі құндылықтарының қатарына жатпайды. Нәтижесінде жастар бейресми байланыстарға көбірек көңіл бөледі немесе сәттілікке үміттенеді, яғни кәсіби қазмет саласындағы даму стратегиясына бағдарланбайды.

Сонда NEET жастарының бейнесін дұрыс емес мамандықты таңдайтын, іргелі дағдылардың сапасын арттыру мен кәсіби дамуы басты құндылықтардың қатарына кірмейтін жастар құрайды.

Қорытынды

Қазақстанда NEET жастарын талдау қажеттілігі екі маңызды фактормен анықталады. Біріншіден, жастар еңбекке қабілетті халық арасында маңызды рөл атқарады (2021 жыл – 23,4 %, 2022 жыл – 21,1 %, 2023 жыл – 39 %). Екіншіден, Қазақстан жастарының құрылымында NEET санатының артуы және оның білім беру жүйесінде және еңбек нарығында қолданылмауы елеулі әлеуметтік және экономикалық салдарға әкеп соғуы мүмкін [10].

Мемлекет NEET-жастар мәселесінің маңыздылығын түсіне отырып, оны төмендетуге бағытталған бір қатар шараларды іске асыруда, дегенмен, олардың тиімділігі онша емес. Оның себебі, ең бастысы, сандық көрсеткіштерге бағытталған формальді тәсілде жатыр. Өз кезекте, дамыған елдерде NEET жастар санының төмендеуіне жастардың әртүрлі санаттармен жеке және атаулы жұмысты жүргізуі үлкен әсерді тигізеді. Сонда жұмыс іздеуде немесе оқуда жоқ белсенді емес жастармен жеке жұмыс шараларын жүргізуі жағымды нәтижеге әкелуі мүмкін. Яғни, мемлекет ұсынатын қолдау шаралары туралы хабардар ету мақсатында NEET жастарының белгілі бір топтарын қамтуға бағытталған нақты шаралар жиыны әзірленуі тиіс. Мәселен, қала немесе ауыл жастарына қатысты шараларды қорғашаған ортаға тән белгілерді ескеру қажет.

NEET жастарды қолдауға қатысты іске асырылып жатқан мемлекеттік саясатқа қатысты мониторинг, қойылған міндеттерді іске асыру тиімділігінің индикаторларын әзірлеу, сондай-ақ қойылған міндеттерді іске асыруды бақылау кезеңдері сияқты әлеуметтік саясатты жүргізудің стандартты кезеңдерін есепке алу қажет. Бұл ретте, іске асырылып жатқан саясаты барысына түзетулер енгізу, Қазақстандағы NEET-жастардың үлесін төмендету жөніндегі саясаттың тиімділігін мониторингтеу және бағалау барысында анықталатын кемшіліктер маңызды болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекеттік жастар саясаты туралы ҚР Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы №285-V ҚРЗ (өзгертулер мен толықтыруларды қоса) [Электрондық ресурс]. – Режим доступа : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285>

2 Молодежь на рынке труда. Статистические данные БНС АСПиР РК [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/publications/158481/>

3 Хусайнова, Ж. С., Адилова, Ж. Г., Газизова, М. Р. Теоретико-методологические основы исследования NEET-молодежи в контексте

библиометрического анализа [Текст]. // Экономика и предпринимательство. – 2021. – №7. – С.1349–1355.

4 **Магайова, А.С.** Социализация молодежи и современные молодежные субкультуры. [Текст] – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 160 с.

5 **Алимханова, Д.** Молодежь NEET в Западно-Казахстанской и Карагандинских областях: механизмы интеграции в образование [Текст]. – Фонд Сорос Казахстан, 2017. – 34 с.

6 **Mashirini, M.** Origins and future of the concept of NEETs in European policy agenda // In book: Youth labor in transition. [Text]. – Oxford, 2019. – 529 p.

7 **Ахантаева, С. Ж., Кожобекова, Д. А., Сулейменова, М. Ж., Аргынбаева, Ж. Ж., Альшанская, А. А., Касимова, Г. М.** «Қазақстан жастары» әлеуметтанулық зерттеуі [Текст]. – Астана: «Жастар» ҒЗО, 2023. – 132 б.

8 **Хусаинова, Ж. С., Газизова, М. Р., Жартай, Ж. М.** Особенности сегмента NEET-молодежи в мире и в Казахстане [Текст]. // Экономика и предпринимательство. – 2023. – №8 (157). – С.117–124.

9 **Сакошев, А. Қ., Ахантаева, С. Ж., Руднева, Е. А.** NEET санатындағы жастармен жұмысты ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық анықтамасы, есептеу әдістемесі, жұмыс алгоритмдері [Текст]. – Нұр-Сұлтан, 2021. – 85 б.

10 **Нуртазина, Р. А., Мухтарова, Н.** Государственная политика в области содействия занятости молодежи категории NEET [Текст]. // ВЕСТНИК Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия Политические науки. – 2022. – №3(140). – С. 71–79.

REFERENCES

1 Memlekettik zhastar sajasaty turaly QR Zany [Law of the Republic of Kazakhstan on State Youth Policy] 2015 zhylygy 9 akpandagy №285-V QRZ (ozgertuler men tolyktyrularly kosa) [Electronic resource]. – Access mode : <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000285>

2 Molodezh' na rynke truda [Youth in the labor market]. Statisticheskie dannye BNS ASPIR RK [Electronic resource]. – Access mode : <https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/publications/158481/>

3 **Husainova, Zh. S., Adilova, Zh. G., Gazizova, M. R.** Teoretiko-metodologicheskie osnovy issledovaniya NEET-molodezhi v kontekste bibliometricheskogo analiza [Theoretical and methodological foundations of NEET Youth research in the context of bibliometric analysis] [Text]. // Economics and entrepreneurship. – 2021. – №7. – P.1349–1355.

4 **Magauova, A. S.** Socializacija molodezhi i sovremennye molodezhnye subkul'tury [Youth socialization and modern youth subcultures] [Text] – Almaty: Kazakh University, 2018. – 160 P.

5 **Alimhanova, D.** Molodezh' NEET v Zapadno-Kazhastanskoy i Karagandinskoy oblastjakh: mehanizmy integracii v obrazovanie [NEET youth in West Kazakhstan and Karaganda regions: mechanisms of integration into education] [Text]. – Fond Soros Kazakhstan, 2017. – 34 –P.

6 **Mashirini, M.** Origins and future of the concept of NEETs in European policy agenda // In book: Youth labor in transition. [Text]. – Oxford, 2019. – 529 p.

7 **Ahantaeva, S. Zh., Kozhabekova, D. A., Sulejmenova, M. Zh., Argynbaeva, Zh. Zh., Al'shanskaja, A. A., Kasimova, G.M.** «Kazakstan zhastary» әлеуметтанулық зерттеуі [Sociological study «youth of Kazakhstan»] [Text]. – Astana: «Zhastar» Scientific Research Center, 2023. – 132 p.

8 **Husainova, Zh. S., Gazizova, M. R., Zhartaj, Zh. M.** Osobennosti segmenta NEET-molodezhi v mire i v Kazakhstane [Features of the NEET youth segment in the world and in Kazakhstan] [Text]. // Economics and entrepreneurship. – 2023. – №8(157). – P. 117–124.

9 **Sakoshev, A. K., Ahantaeva, S. Zh., Rudneva, E. A.** NEET sanatyndagy zhastarmen zhumysty ujymdastyru zhonindegi adistemelik nuskaulyk aniktamasy, esep-teu adistemesi, zhumys algoritmderi [Definition of methodological guidelines for the organization of work with youth of the NEET category, calculation methodology, work algorithms] [Text]. – Nur-Sultan, 2021. – 85 p.

10 **Nurtazina, R. A., Muhtarova, N.** Gosudarstvennaja politika v oblasti sodejstvija zanjatosti molodezhi kategorii NEET [State policy in the field of promoting youth employment of the NEET category] [Text]. // BULLETIN of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. The Political Science series. - 2022. – №3(140). – P. 71–79.

26.01.25 ж. баспаға түсті.

28.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

11.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Қ. М. Жумаксанова¹, А. Б. Рахимбаев², Т. А. Айыпова³,
А. З. Альжанова⁴, Г. И. Абаева⁵

^{1,2,3,4}Казахский автомобильно-дорожный институт имени

Л. Б. Гончарова, Республика Казахстан, г. Алматы

⁵Костанайский региональный университет имени

А. Байтұрсынова, Республика Казахстан, г. Костанай

Поступило в редакцию 26.01.25

Поступило с исправлениями 28.01.25

Принято в печать 11.02.24

ИССЛЕДОВАНИЕ NEET-МОЛОДЕЖИ В КАЗАХСТАНЕ: ПОРТРЕТ И СОСТОЯНИЕ

В статье рассматривается проблем NEET-молодежи в Казахстане – социально уязвимой категории молодых людей, которые не работают, не учатся и не участвуют в каких-либо формах профессиональной подготовки. Актуальность исследования обусловлена ростом доли NEET-молодежи, несмотря на изменения в государственной молодежной политике, включая увеличение возраста молодежи до 35 лет. Целью исследования является анализ текущего состояния NEET-молодежи в Казахстане с учетом региональных особенностей и факторов, влияющих на формирование данной категории. Исследование основано на данных Бюро национальной статистики, информационно-аналитической системы «Талдау», на основании которого был проведен комплексный анализ социально-экономического портрета NEET-молодежи Казахстана. Авторами проведен статистический и сравнительный анализ факторов, влияющих на рост доли NEET, и разработаны рекомендации по улучшению государственной политики. В статье авторами детально рассмотрены региональные различия по уровню NEET, выделены ключевые причины и барьеры, препятствующие включению молодых людей в образовательные и трудовые процессы. Выводы исследования указывают на необходимость пересмотра государственной политики, ориентированной на индивидуальную работу с различными категориям молодежи, учет их специфики и развитие программ профессионального обучения и трудоустройства. Результаты исследования вносят вклад в понимание структурных причин формирования NEET-молодежи и могут быть использованы

для разработки эффективных мер социальной поддержки и адаптации этой группы к требованиям рынка труда.

Ключевые слова: молодежь, NEET-молодежь, уязвимые группы, Образование, рынок труда, молодежная политика, Казахстан

* K. M. Zhumaxanova¹, A. B. Rakhimbaev², T. A. Aiypova³, A. Z. Alzhanova⁴, G. I. Abayeva⁵

^{1,2,3,4}Kazakh Automobile and Road Institute named after L. B. Goncharov, Republic of Kazakhstan, Almaty c.

⁵Kostanay Regional University named after Ahmet Baitursynuly, Republic of Kazakhstan, Kostanay

Received 26.01.25

Received in revised form 28.01.25

Accepted for publication 11.02.25

NEET YOUTH RESEARCH IN KAZAKHSTAN: IMAGE AND CONDITION

The article examines the problems of NEET youth in Kazakhstan, a socially vulnerable category of young people who do not work, study or participate in any form of vocational training. The relevance of the study is due to the growing share of NEET youth, despite changes in government youth policy, including an increase in the age of youth to 35 years. The purpose of the study is to analyze the current state of NEET youth in Kazakhstan, taking into account regional peculiarities and factors influencing the formation of this category. The study is based on data from the Bureau of National Statistics, the Taldaу information and analytical system, which was used to conduct a comprehensive analysis of the socio-economic profile of NEET youth in Kazakhstan. The authors conducted a statistical and comparative analysis of the factors influencing the growth of the share of NEET, and developed recommendations for improving public policy. In the article, the authors consider in detail regional differences in the level of NEET, identify the key causes and barriers preventing the inclusion of young people in educational and work processes. The conclusions of the study indicate the need to review the state policy aimed at individual work with various categories of youth, taking into account their specifics and the development of vocational training and employment programs. The results of the study contribute to understanding

the structural causes of the formation of NEET youth and can be used to develop effective social support measures and adapt this group to the demands of the labor market.

Keywords: youth, NEET-youth, vulnerable groups, education, labor market, youth policy, Kazakhstan

Теруге 03.03.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Mb RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4359

Сдано в набор 03.03.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.

Электронное издание

5,04 Mb RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4359

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz